

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ әдебиеті кафедрасы

Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan
L. N. Gumilyov Eurasian National University
Faculty of philology
Department of Kazakh literature

**«ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ
ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

ҚР Мемлекеттік сыйлығының және ғылым саласындағы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер **ЗӘКИ АХМЕТОВТІҢ** 95 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

4-5 МАМЫР, 2023 ЖЫЛ

Астана, 2023

MATERIALS

**«NEW PARADIGMS OF LITERARY STUDIES AT
THE CROSSROADS OF THE HUMANITIES»**

International scientific and theoretical conference dedicated to the 95th anniversary of the winner of the state prize of the Republic of Kazakhstan and the Sh.Ualikhanov Prize in the field of science, academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, Honored Worker of science of the Republic of Kazakhstan **Zaki Akhmetov**

4-5 MAY, 2023

Astana, 2023

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

Г91

Жалпы редакциясын басқарған:
Басқарма төрағасы-ректор Е. Сыдықов

Редакция алқасы: Ж. Құрманғалиева, У. Жорақұлов (*Ташкент, Өзбекстан*), Н. Ыйсаева (*Бішкек, Қырғызстан*), Ғ. Нұрғалиева, А. Бейсенбай, Қ. Кемеңгер (*жауапты шығарушы*), Қ. Байтанасова, М. Оразбек, С. Сагидуллиева.

«Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары»
Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, ҚР ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің 95 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 4-5 мамыр 2023 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 310 б.

ISBN 978-601-337-843-5

Жинаққа 2023 жылы 4-5 мамырда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасы ұйымдастырған аса көрнекті әдебиеттанушы ғалым, ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің (1928-2002) 95 жылдығына арналған «Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енді. З. Ахметовтің ұлттық гуманитарлық ғылым тарихындағы орны мен ғалымдық тұлғасын зерделейтін мақалалар және бүгінгі әдебиеттану, фольклористика, тіл ғылымы мен оны оқыту әдістемесін қарастырған ғылыми зерттеулер топтастырылды.

Басылым ғылыми қызметкерлерге, білім алушыларға, оқу, білім, руханият саласының мамандарына, ұлт тарихына ынтызар көпшілік оқырманға арналған.

ISBN978-601-337-843-5

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

ХАМИТ ЕРҒАЛИЕВТІҢ АУДАРМАСЫНДАҒЫ ШЕКСПИР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТІЛІ

Хасенова Г.

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ тілі кафедрасының
докторанты*

Астана қ., Қазақстан

E-mail: khassenova_gulmira@mail.ru

Аннотация. Данная статья посвящена анализу поэтического языка выдающегося драматурга У. Шекспира в переводах его сонетов казахским поэтом, переводчиком, народным писателем Х. Ергалиевым. Метафоры, метонимии, эпитеты и сравнения У. Шекспира использованные им в его сонетах будут рассмотрены и проанализированы. Будут приводиться прямые переводы к примерам и отрывкам использованным в этой работе, а также все три варианта будут сопоставлены для сравнений. Образные выражения будут подробно объяснены. В статье также будут использованы отрывки из трудов ученого, литературоведа З. Ахметова для пояснений. Результаты этой статьи могут быть использованы на лекциях и практических занятиях в качестве вспомогательного материала, а приведенные данные могут быть полезны для исследований по сходным темам.

Ключевые слова: Заки Ахметов, сонеты, поэзия, троп, поэт.

Abstract. This article is devoted to the analysis of the poetic language of the outstanding playwright W. Shakespeare in the translations of his sonnets by Kazakh poet, interpreter, folk writer Kh. Yergaliev. Metaphors, metonymy, epithets, and similes of W. Shakespeare used by him in his sonnets will be considered and analyzed. Direct translations will be given for each examples and passages used in this work, and all three options will be compared for comparison. Figurative expressions will be explained in details. The article will also use excerpts from the works of Z. Akhmetov for explanations. The findings of this paper can be used at lectures and in practical classes as an auxiliary material, and provided data may be useful for researches on similar topics.

Keywords: Zaky Akhmetov, sonnets, poetry, trope, poet.

Уильям Шекспир – өзінің сонеттерімен ағылшын поэзиясы мен әдебиетіне елеулі ықпал тигізген, әрі көптеген ақындар мен жазушыларды шабыттандырған ұлы ағылшын ақыны, және де өзінің “Отелло”, “Гамлет”, “Ромео мен Джульетта” трагедияларымен әлемге танылған ұлы драматург. Оның шығармалары 100-ден астам тілдерге аударылған, бұл оны тарихта шығармалары ең көп аударылған авторларының бірі екенін көрсетеді.

Театр сыншысы Қажықұмар Қуандықов Шекспир жөнінде былай деп жазған: “Көркемөнер дүниесінде еңбегі барлық мәдениетті елдер халықтарына ортақ дана адамдар бар, солардың бірі – ағылшынның ұлы драматургі Вильям Шекспир” [1. 75].

У. Шекспир туындыларының тақырыптары мен жанрлары алуан түрлі болғанымен, олар әр мәдениетке, әр халыққа ортақ, әрі олардың уақытқа бағынбайтын қасиеті олардың өмірлік өзектілігін сақтайды.

Қазыбек Г.Қ. өзінің аудармаға арналған еңбегінде ағылшын драматургі туралы келесідей ойын жазған: “У. Шекспир – ғасырдан ғасырға өтіп, өз оқырмандарын тауып, жауһар шығармаларымен әлем оқырмандарын тандандырып, тамсандырған классиктердің бірі.

Ұлы ағылшын драматургі адамзат дамуының асулы кезеңдерінен және барлық халықтың мәдени өмірінен елеулі орын алды. У. Шекспир шығармашылығын әлемдік ауқымда тәржімелеуге қазақ аудармалары да өз үлесін қосты.

У. Шекспир шығармалары қазақ тіліне алғашқы аударылған еуропалық жазушылардың бірі болып саналады. Шекспирдің қалдырған мұрасымен танысу, оны пайымдау ісі қазақ әдебиетінің қалыптасу дәуірімен сәйкес келеді. Қазақ тәржімешілері ұлы драматургтің шығармашылығына 1920 жылдардан бастап назар сала бастады” [2. 21].

1931 жылы У. Шекспирдің ең алғашқы қазақ тіліндегі аудармасы жарыққа шықты. Ол, ақын, прозашы М. Дәулетбаевтің нұсқасындағы ұлы “Гамлет” трагедиясы еді. Ағылшын жазушысының трагедияларынан басқа кейінірек оның комедиялары да, сонеттері де қазақ тіліне аударылып, жариялана бастады.

154 сонеттер жинағы 1609 жылы алғаш жарық көрді. Шекспирдің сонеттері өздерінің шынайылығымен және олардағы сезімдер мен ойлардың тереңдігімен таң қалдырады. Поэмалардағыдай оларда да тақырыптар аясы ғашықтықтан достық мәселесіне, сұлулық құдіретін танытуға, суреткердің бейімділігі туралы тақырыптарға, зұлымдықпен күресу, өмірлік мақсат тақырыптарына дейін кеңиді. Бұл жерде біз Шекспир трагедияларының мотивтерімен ортақтықты таба аламыз. Мысалы, күйінішті 66-сонет және “Гамлет” тақырыбы. Ойдың нәзіктігі мен сезімнің қарапайым игілігі пішіні кемел бұл сонеттерді сол кездегі лириканың жалпы массасынан бөліп шығарады [3. 40].

У. Шекспирдің поэтикасы туралы Комарова В.П. былай жазған: “Метафоралар мен аллегориялар – Шекспир шығармаларының басқа сөз образдарымен байланысқан алуан түсті, күрделі де серпінді поэтикасының әлемі. Оның әлемін түсіну қиын, оған комментаторлар арасындағы дау дәлел. Қиындық Шекспирдің поэтикалық қиялының ерекшелігімен түсіндіріледі - табиғат пен қоғам өмірін, кейіпкерлер психологиясын, автордың этикалық немесе тарихи ұстанымын, автордың шығармадағы түпкі ойын түсіндіретін терең идеяларды көрсететін бейнелі ассоциациялардың ерекше байлығымен түсіндіріледі” [4. 3].

Ағылшын ақынының поэтикасының әлемін түсініп, барша қазақ халқына сонеттердің аударма нұсқалары арқылы оны паш еткен Қазақстанның халық жазушысы – Хамит Ерғалиев еді.

Х. Ерғалиев Дж. Байрон, А.С. Пушкин, М. Лермонтов, Н. Некрасов, В. Маяковский, Р. Гамзатов, А. Сурков шығармаларын қазақ тіліне тәржімелеген. Қырғыз эпосы “Манас” және “Қырық Қыз” қарақалпақ халық эпосын аударуға өз үлесін қосты [5. 133-134].

Бүгінгі дәуір шындығында да, тарихи тақырыптарға да батыл барып, осы тақырыптағы тың дүниелерді әкелген Хамит аға ұлттық әдебиетімізге өзіндік қолтаңбасымен келіп, поэзия жанрындағы лириканың ең бір керемет, сұлу да сазды түрі сонет жанрының қалыптасуында үлкен еңбек етті. Ағылшынның ұлы перзенті У.Шекспирдің сонеттерін тұңғыш рет қазақша сөйлетіп, өзі де 200-ден астам сонет жазды [6. 20].

Х. Ерғалиевтің келіні Алтын Жағыпарқызы ақынның еңбегі жөнінде: “Ал енді жаңа кітаптағы сонеттер жайлы сөз қозғасақ, алдымен атаның алты жыл аудармашы ретінде еңбектеніп 1978 жылы жеке кітап қылып шығарған Шекспирдың сонеттері еске түседі. Ұлы ақынның сонеттерінен басқа «Гамлет», «Ричард III» трагедияларын, «Дуалы түнгі думан» атты комедиясын да қазақ тіліне аударған” деп жазған болатын [7. 7].

Төменде Х. Ерғалиевтің аударма нұсқасында У. Шекспирдің метафоралары, метонимиялары, эпитеттері мен теңеулерінің берілуі талданады.

Ғалым Зәки Ахметов метафораның қолданысын келесідей түсіндірген: “Метафора бірде мағына ауыстыру, бір нәрсенің, құбылыстың орнына соған ұқсас екінші нәрсені, құбылысты айту түрінде жасалса, енді бірде бір нәрсені екінші нәрсеге телу, балап айту түрінде қолданылады” [8. 21].

Мысалы, У. Шекспирдің 2-сонетінде келесідей метафора қолданылған:

“When forty winters shall besiege thy brow
And dig deep trenches in thy beauty’s field” [9. 4]

Х. Ерғалиевтің аудармасы:

“Қырық қыстың қаһарына шыдамай,
Айғыз-айғыз әжім торлап, солды бет” [10. 609]

Бұл үзіндінің тура аудармасы:

“Қырық қыс маңдайыңды қоршап,
Сұлулығыңның өрісінде терең ор қазғанда”

Бұл жерде У. Шекспир адамның бетіне әжім түсіп қартаюын өрісте қазылатын терең орға ұқсатып тұр, яғни ол, метафораны екі құбылыстың ұқсастығын көрсету үшін қолданғанын аңғара аламыз. Дегенмен аудармада бұл метафора сақталмаған.

Келесі мысал У. Шекспирдің 6-сонетінен алынған:

“Then let not winter’s ragged hand deface
In thee thy summer, ere thou be distill’d.” [9. 9]

Х. Ерғалиевтің аудармасы:

“Байқа, жігіт, ақ шашты қыс алжыған
Жасыл баққа суық қолын сұқпасын;” [10. 611]

Бұл үзіндінің тура аудармасы:

“Олай болса, қыстың қажыған қолы бұзбасын
Сіздің жазыңызды сіз шығарылғанға дейін.”

“Winter’s ragged hand” (қыстың қажыған қолы) метафорасының мағынасы: уақыт пен қартаюдың жойқын күші. Аудармада ол “ақ шашты алжыған қыстың суық қолы” деп бірнеше есе күшейтіліп берілді.

У. Шекспирдің 97-сонетінде келесідей метафора қолданылған:

“How like a winter hath my absence been
From thee, the pleasure of the fleeting year!” [9. 93]

Х. Ерғалиевтің аудармасы:

“Дос, сенімен көріспеген шағымда
Қақап тұрған қыс па деп ем айналам.” [10. 655]

Бұл үзіндінің тура аудармасы:

“Қыстай болды менің болмауым
Сенімен, өткінші жыл қуанышы!”

Берілген сонет жолдарында ағылшын ақыны өзінің сүйіктісін көрмеген уақытын қыс мезгілімен салыстырады. Аударма нұсқада Х. Ерғалиев “Қақап тұрған қыс” деп бұл метафораны одан да әсерлі түрде жеткізді.

У. Шекспирдің 119-сонетінде келесідей метафора қолданылған:

“What potions have I drunk of Siren tears” [9. 114]

Х. Ерғалиевтің аудармасы:

“Сиқы Сирен көз жасынан ап-ащы
Қандай ұды ұрттаймын деп уландым?” [10. 666]

Бұл үзіндінің тура аудармасы:

“Неткен у мен іштім Сирен көз жасынан”

Бұл мысалда «Сирен көз жасы» деген метафора қолданылған. Сирен – өзінің еліктіріп әкететін және зор дауысымен, және әрекет пен эмоцияны басқару қабілетіне ие құдіретті сусынымен белгілі мифтік кейіпкер. Бұл метафора олардың өз эмоциялары арқылы азғырып, алданғанын сипаттау үшін қолданылған.

Х. Ерғалиевтің аудармасында бұл метафораға “ап-ащы” сөзі қосылды. Көне грек мифологиясына сәйкес Сирендер тартымды, бірақ зұлым теңіз бетін бейнелейтін. Демек, қазақ ақынының Сирен көз-жасын “ап-ащы” деп сипаттауы әбден орынды болғаны.

У. Шекспирдің сонеттерінде біршама эпитеттер де кездеседі. Төменде ағылшын ақынының сонеттерде қолданған эпитеттері мен олардың Х. Ерғалиевтің нұсқасында берілуі көрсетіледі.

Сонет нөмірі	Түпнұсқа	Х. Ерғалиевтің нұсқасы	Тура аудармасы
1	tender churl [9. 4]	сараң сақи [10. 609]	нәзік дөрекі
4	beauteous niggard [9. 7]	сараң сабаз [10. 610]	сұлу сараң
5	never-resting time [9. 8]	тосқауылсыз сағат [10. 611]	дамылсыз уақыт
	liquid prisoner [9. 8]	сорлы тұтқын [10. 611]	сұйық тұтқын
7	the gracious light [9. 9]	алаулаған таң шапағы [10. 612]	шапағатты нұр
	sacred majesty [9. 10]	нұрлы хаққа [10. 612]	қасиетті мәртебелі

	golden pilgrimage [9. 10]	алтын жүзікті [10. 612]	алтын қажылық
12	the brave day [9. 15]	жарық күн [10. 614]	батыл күн
	sable curls [9. 15]	қара бұрым [10. 614]	қара бұйра
99	forward violet [9. 95]	ерте бөрткен ұсақ гүл [10. 656]	ерте шыққан шегіргүл
104	three winters cold [9. 99]	үш кәрі қыс [10. 658]	үш суық қыс

Зәки Ахметов бейнелеу тәсілдері туралы келесідей жазған: “Сөйтіп, эпитет (кейбір түрлері), теңеу, метафора, метонимия, аллегория, символ секілді бейнелеу, көріктеу тәсілдері не екі нәрсені тура, тікелей салыстыру түрінде жасалады, не болмаса, екі нәрсенің арасындағы жалғастық, ұқсастық ескеріліп, соның негізінде ауыспалы, астарлы мағынасы бар бейнелі сөз туады” [8. 17].

Жоғарыда көрсетілген эпитеттерде қолданылған тіркестердегі сөздердің ұқсастығы арқылы ауыспалы мағынада жаңа сөздердің тууын байқай аламыз. Мысалы, never-resting time (дамылсыз уақыт) [9. 8], “the gracious light” (шапағатты нұр) [9. 9], “sacred majesty” (қасиетті мәртебелі) [9. 10], “Three winters cold” (үш суық қыс) [9. 99].

3. Ахметов метонимияға келесідей анықтама берген: “Метонимия – бір нәрсемен екінші нәрсені алмастырып айтудың өте ұтымды тәсілі” [8. 22].

Мысалы, У. Шекспирдің 11-сонетінде келесідей метонимия қолданылған:

“As fast as thou shalt wane, so fast thou grow’st” [9. 14]

Х. Ерғалиевтің аудармасы:

“Тез соламыз, өсіп өмір бағында” [10. 614]

Бұл үзіндінің тура аудармасы:

“Сіз қаншалықты тез солсаңыз, соншалықты тез өресіз”

Бұл үзіндіде қартаюды “солу” сөзімен алмастырған, және бұл метонимияның аудармада сақталғанын көреміз.

У. Шекспирдің 17-сонетінде келесідей метонимия қолданылған:

“So should my papers, yellowed with their age” [9. 21]

Х. Ерғалиевтің аудармасы:

“Сарғыш тартқан парақты ол лақтырар” [10. 617]

Бұл үзіндінің тура аудармасы:

“Солай менің парақтарым да, ескіргеннен сарғайып кеткен”

Берілген жолда “papers” (парақтар) метонимиясы қолданылған, ол “ақынның жазған шығармалары” дегенді алмастырып тұр.

У. Шекспир сондай-ақ өз сонеттерінде бірқатар теңеулерді де пайдаланған. Теңеу туралы З. Ахметов келесідей жазған: “Теңеу – екі нәрсені, құбылысты салыстырудың ең көп таралған тәсілі. Жасалу қалпына қарай теңеулердің сан түрлі болып келетіні байқалады. Бірде теңеу екі нәрсені тұтас алып салыстыру арқылы жасалса, енді бірде айтылып отырған нәрсенің бір сипат-белгісін, түсін, дыбыс-үнін, тағы басқадай жеке ерекшелігін өзге нәрсемен салыстырып бейнелеу негізінде туады. Сонымен қатар бір нәрсені басқа нәрсемен қимыл-қозғалысындағы ұқсастықты тірек етіп салыстыру жолымен жасалған теңеулер де жиі кездеседі” [8. 17-18].

Мысалы, У. Шекспирдің 60-сонетіне назар аударсақ:

“Like as the waves make towards the pebbled shore,
So do our minutes hasten to their end;” [9. 62]

Х. Ерғалиевтің аудармасы:

“Жалпақ теңіз жағасында шулаған

Толқындардай сансыз минөт жоталы.” [10. 637]

Бұл үзіндінің тура аудармасы:

“Толқындар қиыршық тасты жағаға қалай ұмтылса,
Дәл солай біздің минуттарымыз аяқталуға асығады”

Бұл үзіндіде У. Шекспир толқын қозғалысын уақыт жылдамдығына теңеп тұр. Х. Ерғалиевтің аудармасында да бұл теңеу сақталған.

“Теңеу туралы айтылғанда салыстыру үшін қандай нәрсе алынып отырса, соған көбірек мән беріледі. Асылында, мәселе тек онда ғана емес. Сол салыстыру арқылы сипатталып отырған құбылыс, нәрсе қандай, оның нендей ерекшелігі көрсетіліп отыр және екі нәрсені теңестірудің өзінен қандай мағына туып, ой аңғарылады – міне, алдымен осылар толық ескерілуге тиіс” деп З. Ахметов жазған болатын [8. 18].

У. Шекспирдің 75-сонетіне назар аударсақ:

“So are you to my thoughts as food to life,
Or as sweet-season’d showers are to the ground;
And for the peace of you I hold such strife
As ’twixt a miser and his wealth is found;” [9. 76]

Х. Ерғалиевтің аудармасы:

“Аш көзімді тоғайтасың әрқашан
Жердің көркін жетілдіргіш ылғалдай.
Бір өзіңмен айтысам да арбасам,
Бай сараңы барға тарлық қылғандай” [10. 644]

Бұл үзіндінің тура аудармасы:

“Сондықтанда сен менің ойларыма өмір үшін азық сияқтысың,
Немесе жер үшін хош иісті жаңбырдайсың;
Сенің жан тыныштығың үшін мен күрес жүргізудемін,
Сараң мен оның байлығының арасындағыдай;”

Берілген теңеулердің мағыналары: біріншісі, “өмір үшін азық сияқтысың”, яғни өте маңыздысың дегенді білдірсе, екіншісі, “хош иісті жаңбырдайсың”, яғни ой мен эмоция үшін қуат көзі сияқтысың. Аудармада алғашқысы жоқ болғанымен, екінші теңеу сақталып, “ылғалдай” деп берілген.

“Бейнелі сөздерді алсақ, олар ақындық, эстетикалық сезімнің, дүниені образды, бейнелі түрде танып-білетін және танытатын, көрсететін көркем ойдың бір ұрығы іспетті. Әрбір бейнелі сөз – әдеби шығарманың көркемдік түрін түгелдей алғанда – бүтіннің бөлшегі. Ол – сөз кестесіндегі көркемдік жасаушы көп әшекейдің бір кішкене айшығы ғана” деп жазады З. Ахметов [11. 18].

У. Шекспир поэзиясының тілі өте бай, және ол арқылы біз ақынды жан-жағынан тани аламыз. Автордың әр қолданған бейнелі сөзі оқырмандарына оны жаңа қырынан көрсетеді, жазушыны аша түседі, басқаша танытады.

Аудармашының бірден-бір міндеті осы поэзия тілін барынша сақтап, аударма нұсқасын оқитын оқырмандарына дұрыс жеткізу. Ол, әрине үлкен шеберлікті талап етеді.

Жоғарыда қарастырылған мысалдар нәтижесінде Х. Ерғалиев У. Шекспирдің метафораларын барынша сақтауға тырысқанын көреміз, және көп жағдайда қазақ ақыны оларды әсерлендіріп, күшейткенін байқадық. Ал, мысалы түпнұсқа және аударма нұсқаның эпитеттерін салыстырып қарасақ, олардың арасында мағыналық айырмашылықты көреміз. Дегенмен ол әр елдің өзіндік қалыптасқан тіркестердің болуымен түсіндірілуі мүмкін. Метонимиялар мен теңеулерге келсек, оларды да Х. Ерғалиев сонеттердің аударма нұсқасында шебер сақтап қайталады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Қуандықов Қ. Театрда туған ойлар. Сын мақалалары. 2-басылым. – Алматы: Лантар Books, 2022 – 208 б.
- 2 Қазыбек Г.Қ. Әдеби аударма көркі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 60 б.
- 3 Смирнова А., Аникста А. Уильям Шекспир. Полное собрание сочинений в восьми томах. Том 1. – Москва, 1957. – 616 с.
- 4 Комарова В.П. Метафоры и аллегории в произведениях Шекспира. – Л.: Изд-во Ленингр. ун-та, 1989. – 200 с.
- 5 Оразбакова Э.Г., Аженова Р.Т. Художественная литература Казахстана (1978-1987): библиографический указатель / сост.: ред. А.Ш. Сайдембаева. – Алматы: ИП “Кайнар принт” Малик Н.Б., 2016. – Книга.1. – 543 с.

6 Садықова А. Хамит Ерғалиев – заманының заңғар ақыны // Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ХАБАРШЫСЫ – № 3. –2016. С.18-21.

7 Жағыпарқызы А. Өмір өрнектері // Ана тілі – №50-51. – 2017. С.7

8 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы: университеттер мен педагогтық институттардың филология факультеттеріне арналған оқу құралы / З. Ахметов; арнаулы редакциясын жасаған Р. Бердібаев. – Алматы : Мектеп, 1973. – 211 б.

9 Shakespeare W. The works of Shakespeare. Sonnets. Edited by C. Knox Pooler. London: Methuen and Co. Ltd. 1918. – 161 p.

10 Әуезов М., Кекілбаев Ә., Ерғалиев Х. Уильям Шекспир. Отелло. Асауға тұсау. Гамлет. Ромео мен Джульетта. Король Лир. Сонеттер. – Астана: Аударма, 2004. – 688 б.

11 Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық; Зерттеу. – 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 368 б.

ӘОЖ 1751

МӘШХҰР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ПОЭТИКАСЫ: ҰЛТТЫҚ ӨРНЕКТИҢ ҚОЛДАНЫСЫ

¹Ерланова А.Е. *, ²Баратова М.Н.

¹* «Торайғыров университеті» КеАҚ докторанты,

² «Торайғыров университеті» КеАҚ профессоры, филол.ғ.к.

Павлодар қ., Қазақстан

E-mail: *¹ayaulym_erlankyzy@mail.ru, ²baratova.muhabbat1970@mail.ru

Abstract. The article examines the use of national expressions, one of the features of the poetics of the poet, thinker Mashkhur Zhussup Kopeyev. The purpose of the article is to identify the use of words, artistic features of the poet, reflecting his individuality, specificity in literature and thereby forming an initiative to study the poetics of the poet.

The research has scientific and practical significance. It can also be used in local history lessons, in the discipline of literature of the early twentieth century and general theory of literature.

The poet's poems clearly show that the national expression, Kazakh cognition, national color play a big role in enriching Mashkhur Zhussup's creativity, in determining his difference from other poets-writers. It can be said that this experience of the scientist, who grew up reading folk literature, and then collected folklore himself, positively influenced his work. Skillfully using national knowledge, he developed literature in terms of genre, style, art and imagery.

The poet's poems from the multivolume collection of works were chosen as the object of research.

Key words: poetics, literature of the early twentieth century, national expression, artistic specificity, artistic text

Аннотация. В статье рассматривается использование национальных выражений, одна из особенностей поэтики поэта, мыслителя Машхура Жусупа Копеева. Цель статьи - выявить словоупотребление, художественные особенности поэта, отражающие его индивидуальность, специфику в литературе и тем самым формирующие инициативу к изучению поэтики поэта.

Исследование имеет научное и практическое значение. Он также может быть использован на уроках краеведения, по дисциплине "Литература начала XX века" и общей теории литературы.

Стихи поэта наглядно показывают, что национальное самовыражение, казахское познание, национальный колорит играют большую роль в обогащении творчества Машхура Жусупа, в определении его отличия от других поэтов-писателей. Можно сказать, что этот опыт ученого, который вырос, читая народную литературу, а затем сам собирал фольклор, положительно повлиял на его творчество. Умело используя национальные знания, он развивал литературу с точки зрения жанра, стиля, искусства и образности.

В качестве объекта исследования были выбраны стихотворения поэта из многотомного собрания сочинений.

Ключевые слова: поэтика, литература начала XX века, национальное самовыражение, художественная специфика, художественный текст